

**№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК
бойынша әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №1**

Уақыты:23.08.2024жыл

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына дайындық, тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Жетмекова

Хатшы:

Кушекова Жайнагул

Қатысқаны:43

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

Тыңдалды: «Жаңа оқу жылына дайындық, педагогтар құжаттарды талапқа сай толтырулары»

- Әдістемелік нұсқау хат ,перспективалық жоспар, циклограмма, бағдарлама, стандарт, модель.

- портфолио жинақтау, аттестация ережесімен таныстыру

Сөйледі: әдіскер Жетмекова

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілген болатын. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау, тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады, ойын арқылы үйрету, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қажет. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар, қауіпсіз (заттардың қауіпсіздігі мен жиһаздардың орнықты орналасуы, мазмұнды (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес болуы, бай болуы (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындарды ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның

ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да) болуы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген. Балалардың түрлі әрекеттерін, сондай-ақ «әжелер мектебі», «аналар мектебі», «әкелер және аталар мектебі» жұмыстарын және басқа да шараларды ұйымдастыруға болатыны көрсетілген.

Моделді іске асыру шеңберінде:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Педагогтардың функционалдық міндеттері биылғы әдістемелік нұсқау хатта ашық көрсетілген

- Перспективалық жоспарды және циклограмманы құрастырады, «Баланың жеке даму картасын» толтырады;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ата-аналармен балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ықпалдастықта жүзеге асырады;
- білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.);
- ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді және биылғы әдістемелік нұсқау хатта барлық іс-әрекеттердің, іс-шаралардың сілтемелері көрсетілген. Бұл дегеніміз педагогтарға үлкен көмек деп ойлаймын және бірлесе жұмыс жасаймыз.

-Құрметті педагогтар барлығымыз биылғы жылдың ерекшелігін білеміз:

-МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту,

-«Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебінің» жұмыстарын ұйымдастыру үшін жағдай жасау ұсынылады.

-Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы тиіс.

-экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

- ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Шығып сойлеушілер:**Тәрбиеші:** Еркинова Алтынзер Бегалиевна

-Әдістемелік нұсқау хат қолыма тигеннен оқып, таныстым. Керемет жаңалықтар бар. Тәрбиешілерге үлкен көмек, тәрбиеленушілерге жүйелі білім, тәрбие береміз, ізденеміз.

Тәрбиеші: Жүсіпова Алтынай Құрманалықызы

-Балаларды ерте дамыту институтынан әдістемелік нұсқау хатты жүктеп алып, танысып, оқып шықтым. Әдіскер Жетмекова айтып өткендей тәрбиешілерге керемет көмек сілтемелермен жасақталған. Әрі қарай әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа алып, бағдарламаның міндеттеріне сәйкес жұмыс жасаймыз.

Шешім:

1. Перспективалық жоспар, циклограмма 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Балалардың қауіпсіздігі басты назарға алынсын.
3. Топтарда талапқа сай заттық дамытушы орта жасақталсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:**Хатшы:**

Жетмекова

Кушекова Жайнагул

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚКбойынша

**Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №2****11.09.2023 жыл****Қатысқаны:43****Қатыспағаны:0****Тақырыбы:** «Заттық- кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар»**Жүргізілу түрі:** дөңгелек үстел**Күн тәртібінде:****Тыңдалды:** №1 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.**Сөйледі:** Әдіскер Жетмекова мемлекеттік стандарт талаптарына сай топтарда бекітілген күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекеттер жүргізіліп жатыр. Педагогтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен (2020 ж 24 қыркүйек №412 бұйрығымен) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде білім беруде. Әдістемелік нұсқаулық хат негізінде тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жоспарлары бекітіліп, циклограмма жазылуда. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары бекітіліп, педагогтармен жұмыстар жүргізілуде. «Білімнің бастауы- балабақшада», Тілдер күніне орай мерекелік челлендж жоспарға сай өтті, ұйымдастырылған іс-әрекеттер ойын түрінде күні бойы өткізілуде.

Бүгінгі әдістемелік отырысымыздың басты мақсат міндеттері :

Заттық- кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар— бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын

жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек топтарда:

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар,

сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар. Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады. Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Сөйледі: әдіскер Жетмекова өскелең ұрпақты адамгершілік-рухани тәрбиелеу мәселесі қашанда өзекті болып келді. Жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген біртұтас педагогикалық процесс құру арқылы мектепке дейінгі баланың рухани-адамгершілік және патриоттық дамуына қолайлы жағдай жасау болып отыр. Дәл осы мектепке дейінгі аралық - балаға рухани-адамгершілік тәрбие беру үшін өте ыңғайлы кезең. Күннің екінші жартысында өтілетін вариативтік компонент бағдарламаларының және тәрбиешілердің шығармашылық жобалары бойынша сараптама талдау жүргізілді. Нәтижесінде, вариативтік компонент бағдарламалары уақытылы жүргізілуде.

Тәрбиешілер «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығы бекітілген авторлық бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізген. Барлық педагогтар шығармашылық жоба жазып, өздерінің кәсіби біліктіліктерін көтеріп отыру қажет, - деді.

Шешім: вариативтік компонент жұмысы жандандырылсын.

Сөйлегендер:

Н.Жетмекова -Дамытушы орта дайындауда ата-аналармен қандай жұмыстар жүргізіп отырсыз?

Умирбекова Салтанат Саламатовна: Ата-аналар жиналысында заттық дамытушы ортаның балалардың дамуына пайдасы туралы айтып, тренинг өткіздім. Содан кейін ата-аналардың қызығушылығы оянып, өздері түрлі қалдық материалдардан дидактикалық материалдарды жасап келе бастады. Қазір орталықтарды толықтырып жатырмыз. «Сюжетті-рольді ойын», шығармашылық бұрышы, табиғат бұрышы, «Қуыршақ театры» бұрышы, дидактикалық ойындар бұрышы дайындалған.

Шешім: барлық топтарда заттық дамытушы ортаны толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

Тыңдалды: Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбие беруде дамытушылық жұмыстарын жетілдіру .

Сөйледі: тәрбиеші Канатбаева Гулзат Рахатовна балаларға экологиялық тәрбие берудің ерекшеліктеріне тоқталып өтті. Табиғат әлемі таңғажайып және керемет. Дегенмен, барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат-бұл әр түрлі табиғи құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл-балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі бізге, ересектерге байланысты. Балабақша балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: саяхат; мұражайларға бару; мақсаттық серуен; телебағдарламалар, бейнефильмдер; табиғат туралы көркем әдебиеттер; суреттерді, фотосуреттерді, иллюстрацияларды тамашалау; музыка тыңдау; дидактикалық ойындар, мақал-мәтелдер. Мектепке дейінгі жастағы балаларға адам мен табиғат арасындағы қарым - қатынасты анықтайтын экологиялық тәрбие беруге байланысты мектепке дейінгі тәрбие мекемелердің алдында негізінен мына төмендегі міндеттер тұр-деді.

Шешім: тәрбиеленушілерге экологиялық тәрбие беру жұмыстары жандандырылсын.

Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер **Жетмекова** алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қазан айында болатын Республика мерекесіне қарсаңында ата-аналармен көрме ұйымдастырылады, топтарда ата-аналар бұрыштарына құттықтау ілініп, балаларға мәлімет берілсін. Тәрбиелік іс-шаралар жоспар бойынша өткізілсін. Сонымен бірге «Алтын-күз» мерекесінің сценарийін музыка жетекшісі, топ тәрбиешілері дайындап , дайындық жұмыстары жүргізілсін. Ата-аналармен кезекті ата-аналар жиналысын өткізіп, хаттамалары уақытылы толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Жетмекова

Кушекова Жайнагул

**Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №3**

18.09.2023 жыл

Қатысқаны:43

Қатыспағаны:0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдарда мониторинг жүргізу»

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Б.Издибаева: Ересек «Қызғалдақ» тобы бойынша бастапқы мониторинг

Күн тәртібінде:

Тыңдалды: №2 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

Сөйледі: әдіскер **Жетмекова** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған басты міндеттерінің бірі оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгерту болып табылады. Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді. Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары әзірленді. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнында айқындалған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтің жету деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері: - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау; - балаларға жасына сәйкес біліктер мен дағдыларды игерту; - баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау; - балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын; - Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі; . Мониторинг жылына 3 рет:

- бастапқы – қыркүйекте;

- аралық – қаңтарда;

- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Әрбір бақылауды жүргізу кезінде бақылау парақтарында берілген орынға бастапқы, аралық немесе қорытынды алынып жатқан бақылау кезеңін жазып қою қажет болады.

Оқу жылының басында бір рет баланың оқу жылына арналған жеке даму картасын әзірленеді және диагностиканың (бастапқы, аралық, қорытынды бақылау) нәтижелері бойынша жеке даму картасына өзгерістер енгізіледі. Топтың мониторингінен алынған деректер негізінде оқу жылына баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шараларды енгізеді. Бастапқы мониторинг бойынша жұмысты бастап, нақты толтырамыз және электронды түрде жасақтап маған өткізулеріңізді сұраймын. Мен сіздер берген кесте арқылы балабақша бойынша жасап ауандық білім бөліміне өткіземін.

Түсінбеген жерлеріңіз болса сұрақ-жауап әдісі жүргізіледі.

Тәрбиеші: Серикова Динара Бердиалиевна-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын игеру бойынша мониторинг жүргізу үшін критерийлерге сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі жасалды

Критерийлер көрсеткіштер ретінде кодпен берілген.

Мысалы, «3- Ш.3.»Алғашқы жолдағы «3» саны баланың жасын білдіреді, яғни бала 3 жаста.

Бас әріппен берілген «Ш» дегеніміз - «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу ісәрекетін дамытуды» білдіреді. Келесі «3» саны «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша күтілетін нәтиженің ретін білдіреді. Бақылау парақтары Excel форматта берілген, сонда алдымен оқу

жылы, мониторинг алынып отырған топтың атауы, өткізу кезеңі мен мерзімі және балалардың аты жөні туралы мәліметтер толтырылады. Бақылау парақтарында мониторингтің критерийлері және соған сәйкес 3 индикатор берілген. Мысалы бір критерийге берілген 3 индикатордың біреуі (1 санымен) ғана белгіленеді де қалған индикаторларға ешқандай белгі қойылмайды.

Осылай барлық топтағы балалардың нәтижелерін қойып болған соң Excel бағдарламасы автоматты түрде әрбір индикатордың қорытындысын шығарады. Мұнда әрбір критерийдің бірінші индикаторы жоғары, екінші индикаторы орташа ал үшінші индикаторы төмен деңгейді білдіреді. Бақылау парағының төменгі жағында берілген ұяшықта балалар мен педагогтің Үлгілік бағдарламаның күтілетін нәтижесіне жетудің пайыздық көрсеткішін және одан төменде орналасқан жоғары, орташа, төмен ұяшықтарында балалардың біліктер мен дағдыларды игеру деңгейінің пайыздық көрсеткішін және соған сәйкес балалардың санын автоматты түрде есептеп шығарып береді.

Шығып сөйлеушілер:

Тәрбиеші: Канатбаева Гулзат Рахатовна

-Әдістемелік дөңгелек отырыс барысында түсінбеген жерлерімізге толық мағұлымат алдық,excel форматында өзі есептеп көрсеткіш көрсететіні жақсы екен.

Музыка жетекшісі: -Апталық циклограмма сияқты, бұл мониторингте де, топ тәрбиешілерімен бірлесе жасаған жұмыстар жақсы көрсеткіш көрсетеді деген ойдамын.

Шешім:

Бастапқы мониторинг өз уақытында кешіктірілмей орындалсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Жетмекова

Кушекова Жайнагул

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК бойынша

Әдістемелік кеңес отырысы

Хаттама №4

06.12.2023 жыл

Қатысқаны:43

Қатыспағаны:0

Күн тәртібінде:

- 1.Мектепке дейінгі ұйымдарда Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі күніне арналған «Менің Отаным Қазақстан» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу »
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда «Жаңа жыл» ертеңгілігін өткізу

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Тыңдалды: №3 Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

1, Бөбекжай-бақшасы әдіскері Жетмекова алда келе жатқан 16 желтоқсан тәуелсіздік мерекесіне орай педагогтерге балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетті ортаңғы топтан бастап, ересек топтарда, топ бөлмесінде ата-аналарды қатыстырмай тек балалармен ұйымдастыру ұсынылды. Ұсынылатын тақырып: «Менің Отаным-Қазақстан».Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген тақырып бойынша балалармен әңгімелесу, балалардың тақырыпқа сәйкес тақпақтары мен әндерін айтқызу, ұжымдық бейнелеу әрекетін ұйымдастыру (сурет салу, жапсыру, құрастыру) ұсынылады. Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністері бар сахналық қойылымдарды көрсетуге қатаң тыйым салынады. Кіріктірілген тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет келесіні қамтиды:

- 1) бейнелеу әрекеті;
- 2) партиоттық өлең, тақпақтар жарысы;
- 3) балабақшаның мемлекеттік рәміздер бұрышында еліміздің елдік нышандары туралы әңгімелеу жұмыстары жүргізілу қажет.

2.Екінші мәселе бойынша музыка жетекшісі мектепке дейінгі ұйымдарда «Жаңа жыл» ертеңгілігін педагогтің мерекені ұйымдастыруды жоспарлауда мереке тақырыбын таңдаудан басталады.Бүгінгі әдістемелік отырыста осы мәселені бірлесе отырып ақылдассақ.Кіші топтарда ертегі желісімен өтсек, қызықты және балалар рөлге бөлініп ойнап шығады деген ойдамын. Ата аналарды акт залын безендіруге және сценарий құрастыруға тарту өте маңызды.

Әдіскер: Жетмекова -Әріптестер тағы айта кететін жағдай ақылы қызмет көрсететін аниматорлар мен бөгде адамдардың шақырудың қажеттілігі жоқ. Балалардың тез жалығатындығын ескере отырып, мереке желісінің түрлі қызықты белсенді әрекетке ауысып отыруына мән берілу керек. Жаңа жыл мерекесін өткізу әртүрлі форматта болу мүмкін. Мысалы: ертегі сахналау, жаңа жылдық квест, дене-шынықтыру ойын—сауықтары. Мерекелік атрибуттар, акт залды әсемдеу, кіре берісті әсемдеу балалардың қызығушылығын тудырады. Сол үшін бүгіннен бастап ашық іс әрекетке, ертеңгіліктерге дайындықты қолға аламыз.

Шешім:

1. «Менің Отаным Қазақстан» тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер ортаңғы топтар, ересек топтар, мад топтар топтарында талапқа сай өтілсін.
2. Жаңа жылдық ертеңгілікке ата аналарды қатыстырып, сапалы өтуге жұмыстар жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:
Хатшы:

Жетмекова
Кушекова Жайнагул